

"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 1262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 527 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 415 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 1262 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 49, 624-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Қ ұ л - М ұ х а м м е д Мұхтар Абрарұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, т
Е р і м б е т о в Нұрлан Кенжебекұлы	-	«Қазақстанның азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлесті президенті, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)
Т а у м ұ р а т Данияр	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министр Қоғамдық-саяси жұмыс департаментінің директоры, хатшы
Қ о ж а ғ а п а н о в Ерлан Тоқтарханұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру іс агенттігінің төрағасы
Т ұ р ғ ы м б а е в Ерлан Заманбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
К е н е с а р и н Сағыр Есенғұлұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңс әлеуметтік-экономикалық бөлімінің меңгерушісі;

мына:

« Д о с а е в Ерболат Асқарбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және с министрі»
--------------------------------------	---	--

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« Д о с а е в Ерболат Асқарбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі»;
--------------------------------------	---	---

көрсетілген құрамнан Дархан Қамзабекұлы Мыңбай, Айгүл Сағадибекқызы Соловьева, Бану Ғаниқызы Нұрғазиева, Талғат Амангелдіұлы Ермагияев, Қайрат Сағатханұлы Тыныбеков, Наталья Леонидовна Котенко шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>С. Ахметов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК